

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) сақталуы қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің ережелері мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) талаптарын қолдану және орындау үшін қажетті үлгілерді іріктеп алу және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламаға өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 211 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 51-бабының 1-тармағының 11 және 12-тармақшаларына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 275 шешімімен бекітілген Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) сақталуы қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің ережелері мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) талаптарын қолдану және орындау үшін қажетті үлгілерді іріктеп алу және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламаға өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 211 шешіміне
ҚОСЫМША

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) сақталуы қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің ережелері мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) талаптарын қолдану және орындау үшін қажетті үлгілерді іріктеп алу және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламаға енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

Мынадай мазмұндағы 15 – 21 позициялармен толықтырылсын:

"

15	97.200.50	Ойыншықтар. Қауіпсіздік талаптары. 1-бөлім. Механикалық және физикалық қасиеттер. МЕМСТ EN 71-1-2014 қайта қарау	4-баптың 3.1 – 3.3, 3.9, 4 және 5-тармақтары	2020 жыл	2021 жыл	Беларусь Республикасы
16	97.200.50	Ойыншықтардың қауіпсіздігі. 8-бөлім. Жасын анықтау бойынша жетекші нұсқаулар. ISO/TR 8124-8:2016 және ҚР СТ ISO/TR 8124-8-2018 негізінде МЕМСТ әзірлеу	4-баптың 5.3-тармағы	2020 жыл	2021 жыл	Қазақстан Республикасы
17	97.200.50	Ойыншықтардың қауіпсіздігі. 7-бөлім. Саусакпен сурет салуға арналған бояулар. Техникалық талаптар және сынақ әдістері	4-баптың 3.4, 3.5, 4 және 5-тармақтары	2019 жыл	2020 жыл	

		MEMСТ EN 71-7-2014 қайта қарау. EN 71-7:2014 +A2:2018 негізінде				Беларусь Республикасы
18	97.200.50	Ойыншықтардың қауіпсіздігі. 8-бөлім. Үйде пайдалану үшін белсенді демалысқа арналған ойыншықтар. MEMСТ EN 71-8-2014 қайта қарау. EN 71-8:2018 негізінде	4-баптың 3.1, 3.2, 4 және 5-тармақтары	2019 жыл	2020 жыл	Беларусь Республикасы
19	97.200.50 13.120	Электр ойыншықтар. Қауіпсіздік. MEMСТ IEC 62115-2014 қайта қарау. IEC 62115:2017 негізінде	4-баптың 3.6, 4 және 5-тармақтары	2020 жыл	2021 жыл	Ресей Федерациясы
20	13.110	Лазерлік бұйымдардың қауіпсіздігі. 1-бөлім. Жабдықтарды сыныптау және талаптар. MEMСТ IEC 60825-1-2013 қайта қарау. IEC 60825-1:2017 негізінде	4-баптың 3.2-тармағы	2020 жыл	2021 жыл	Ресей Федерациясы
21	13.060.50	Судың сапасы. Кейбір элементтерді индуктивті байланысты плазмамен (ICP-OES) атомды-эмиссиялық	2-қосымша	2020 жыл	2021 жыл	

	спектрометри я әдісімен анықтау. ISO 11885- 2007 негізінде			Беларусь Республикасы
--	--	--	--	--------------------------

"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК